

**2008 жылғы 1 қарашадағы
сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы**

Сақтандыру сыйлықақылары

Тоғыз айда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың осындай кезеңінде жиналған көлемінен 2,3%-ға аз болып, 116,4¹ млрд. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.11.2007ж.		01.11.2008ж.		1.11.2007ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %-бен	Сомасы	Үлесі, %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	119 138,0	100,0	116 358,2	100,0	-2,3
Міндетті сақтандыру	16 638,1	14,0	25 318,8	21,8	52,2
Ерікті жеке сақтандыру	13 640,4	11,4	16 279,9	14,0	19,4
Ерікті мүліктік сақтандыру	88 859,4	74,6	74 759,5	64,2	-15,9

Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақы көлемі өткен жылдың ұқсас көрсеткіші 52,2%-ға өсті. Ерікті жеке сақтандыру бойынша арту 19,4% құрады, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша азаю – 15,9% құрады.



2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 54,5% (13,8 млрд. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 34,8% (8,8 млрд. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 3,6% (0,9 млрд. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 7,1% түскен.

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 24,5% (4,0 млрд. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 46,0% (7,5 млрд. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 9,2% (1,5 млрд. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 19,6% (3,2 млрд. теңге) болып келеді.

¹ сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары шегеріліп көрсетіліп отыр

ерікті мүліктік сақтандыруда – басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша - 19,3% (14,4 млрд. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша (автокөлікті, әуе, теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) – 30,7% (23,0 млрд. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 32,0% (23,9 млн. теңге) және басқалар бойынша – 18% болды.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	01.11.2007ж.		01.11.2008ж.		01.11.2007ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	119 138,0	100,0	116 358,2	100,0	-2,3
Өмірді сақтандыру	3 892,9	3,3	4 715,2	4,1	21,1
Жалпы сақтандыру	115 245,1	96,7	111 643,0	95,9	-3,1


"Өмірді сақтандыру" саласы. 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 4,7 млрд. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 21,1%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2007 жылғы 1 қарашадағы 4,1%-ға қарсы 3,3% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2008 жылғы тоғыз айда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 111,6 млрд. теңге болды, бұл 2007 жылғы осындай кезеңге қарағанда 3,1% -ға аз.

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуінің құрамы



"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының құрамы



Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 52,9 млрд. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 45,5%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 39,5%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 16,2 млрд. теңге боды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 9,3 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	01.11.2007ж.		01.11.2008ж.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақыларындағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақыларындағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде резидент еместерге	48 579,2	40,8	52 949,6	45,5
резиденттерге	36 550,4	30,7	45 978,1	39,5
Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлығы қабылданған	12 028,8	10,1	6 971,4	6,0
	2 881,0	2,4	9 301,1	8,0

Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 92,9%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 0,6%, міндетті сақтандыру бойынша – 6,5% болды.

Сақтандыру төлемдері

2008 жылдың тоғыз айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 42,0% өсіп, 51,62² млрд. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 12,9% (6,6 млрд. теңге) болып отыр.

Сақтандыру төлемдері	01.11.2007ж.		01.11.2008ж.		01.11.2007ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	сомасы	үлесі %-бен	сомасы	үлесі %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	36 083,0	100,0	51 229,6	100,0	42,0
Міндетті сақтандыру	4 670,8	12,9	7 480,7	14,6	60,2
Ерікті жеке сақтандыру	3 353,7	9,3	6 714,9	13,1	в 2,0 раз
Ерікті мүліктік сақтандыру	28 058,5	77,8	37 034,0	72,3	32,0


2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

² сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері шегеріліп көрсетіліп отыр.

міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 46,7% (3,5 млрд.теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 30,7% (2,3 млрд. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 20,0% (1,5 млрд. теңге) және басқалар бойынша - 2,6% болды;

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 74,6% (5,0 млрд. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 13,4% (0,9 млрд. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 9,0% (0,6 млрд. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша - 3,0% (0,2 млн. теңге) болды;

ерікті мүлiктік сақтандыруда – 89,7% (33,2 млрд. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 5,1% (1,9 млрд. теңге), мүлiкті сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 2,2% (0,8 млрд. теңге), басқалар бойынша –3,0% болды.



2008 жылдың он айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 64,7%-ы болды.

Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 44 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 8 - өмірді сақтандыру бойынша), 12 сақтандыру брокерлері және 55 актуарийлер қызметті жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.11.2007ж.	01.11.2008ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде:	40	44
өмірді сақтандыру бойынша	6	8
Сақтандыру брокерлерінің саны	14	12
Актуарийлер саны	41	55

Есепті күнге 32 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

Капитал. 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 161,1 млрд. теңге болды.

Қаржы көрсеткіштері	01.11.2007ж.	01.11.2008ж.	01.11.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Жиынтық активтер	210 156,1	270 914,6	28,9
Міндеттемелер	94 910,6	109 833,0	15,7
оның ішінде сақтандыру резервтері	86 953,0	92 073,3	5,9
басқа да міндеттемелер	7 957,6	17 759,7	в 2,2 раза
Меншікті капитал (баланс бойынша)	115 245, 4	161 081,6	39,8


Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2008 жылғы 1 қарашадағы 270,9 млрд. теңге болды, бұл 2007 жылғы 1 қарашадағы осындай көрсеткіштен 28,9%-ға көп, оның ішінде:

Активтер	01.11.2007ж.		01.11.2008ж.		01.10.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс %-бен
	Сомасы Сумма	үлесі %-бен доля, %	Сомасы Сумма	үлесі %-бен доля, %	
Қолма-қол ақша	6 344,0	3,0	5 591,7	2,1	-11,9
Орналастырылған салымдар	52 793,7	25,1	83 308,9	30,8	57,8
Бағалы қағаздар	77 929,1	37,1	83 780,6	30,9	7,5
"Кері РЕПО" операциясы	21 304,4	10,1	25 663,6	9,5	20,5
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	11 953,9	5,7	20 639,5	7,6	72,7
Негізгі қаражат	3 964,5	1,9	4 674,4	1,7	17,9
Қайта сақтандыру активтері	28 481,4	13,6	34 936,9	12,9	22,7
Басқа дебиторлық берешек	4 895,6	2,3	8 478,1	3,1	73,2
Басқа активтер	2 489,4	1,2	3 840,9	1,4	54,3
Активтер жиынтығы	210 156,0	100,0	270 914,6	100,0	28,9

Міндеттемелер. 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы 109,8 млрд. теңге болды, бұл былтырғы жылдың осындай кезеңіне қарағанда 15,7% көп.

Есепті күнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 92,1 млрд. теңге болды, бұл 2007 жылғы 1 қарашада қалыптасқан резервтердің көлемінен 5,9%-ға көп.

Активтерді? меншікті капиталды? ж?не са?тандыру резервтері? динамикасы, млрд. те?гемен



Сақтандыру рыногының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру рыногының сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері бойынша шоғырлану деңгейінің ұлғайғаны байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 49,6% және сақтандыру төлемдерінің 15,4% келеді.

Сақтандыру рыногы жиынтық активтерінің ішінде бес ірі сақтандыру компаниясының үлесі 53,8 % құрайды.

Жиынтық көрсеткіштерінен сақтандыру рыногының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %-бен	01.11.07ж.	01.11.08ж.
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	52,1	49,6
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	76,0	65,9
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	78,4	15,4
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	88,2	78,7
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	50,4	53,8
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	56,9	58,5

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.11.2007ж.	01.11.2008ж.
ЖІӨ, млрд. теңге	12 464	15 046,7 ³
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,0	0,77 ⁴
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,92	1,07
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,69	1,80
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен ⁵	7 942	7 493,6

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

³ – 01.08.08 ж. 2008 жылға Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің болжамдық деректері

⁴ – 2008 жылғы қаңтар-қазан айларында қабылданған сақтандыру сыйлықақылары

⁵ –Статистика агенттігінің ҚР халқы жөніндегі дерегі бойынша – 15,5 млн. адам